

А) Күш-жігер

Күш – хоккейшіге қажет маңызды спорттық қасиеттердің бірі. Конькимен сырғанау, шайба лақтыру және күш күресі кезінде қажет. Күш қозғалыс жылдамдығына айтарлықтай әсер етеді және ептіліктің дамуында өте маңызды.

Б) Жылдамдық

Жылдамдық – бұл адамның қысқа мерзімде моторлық әрекеттерді орындау қабілеті. Хоккейшінің жылдамдығы оның реакциясына, қозғалыс жылдамдығына және олардың жиілігіне байланысты. Жылдамдықтың барлық негізгі формалары хоккейде өте маңызды, бұл жоғары жылдамдықтағы ойын жасына сәйкес келеді, мұнда бәрі құйынды шабуылға, кенеттен серпіліске, тоқтауға, үдеуге негізделген.

Адам кез келген қозғалыста көрсете алатын максималды жылдамдық тек спортшының жылдамдығына ғана емес, сонымен қатар оның басқа қасиеттерінің даму дәрежесінде байланысты: күшке, икемділікке, техникалық жабдықталуға. Сондықтан жылдамдықтың дамуы басқа физикалық қасиеттердің дамуымен тығыз байланысты. Сол сияқты, егер оның техникалық шеберлігі жетілдірілсе, қозғалыс жылдамдығыда артады.

В) Төзімділік

Хоккейде шыдамдылық – бұл ойын ауысымының, жарыстың басынан аяғына дейін маусымның жоғары қарқынын сақтау. Хоккей – бұл жоғары жылдамдықтағы ойын. Сондықтан мұнда жылдамдық ғана емес, сонымен қатар төзімділікте маңызды.

Жалпы төзімділікті дамыту үшін спорттық кросс, шаңғы, жүзу, велосипед тебу, ескек есу, футбол, баскетбол ойындары қолданылады. Жылдамдық немесе ерекше төзімділік хоккей маусымында, соның ішінде жарыстар кезінде де дамиды.

Г) Ептілік

Ептілік-күрделі күрделі сапа. Бұл, біріншіден, жаңа, ерекше қозғалыстарды тез игеру мүмкіндігі, екіншіден, өзгеретін ортаның талап-тарына сәйкес тез қалпына келтіру мүмкіндігі. Ептілікті дамытудың негізгі жолы-жаңа, әртүрлі моториканы игеру.

Әдебиеттер тізімі

1. **Афанасьев С.** Большое хоккейное созвездие. Москва: изд-во «Человек». 2010. 245 с.
2. **Богуславский Г.** Montreal Canadiens 100 лет. Москва: изд-во «Вагриус». 2010. 326 с.

ӨОЖ 371(512.122)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Ташетова Ж. Х. – «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру әдістемелік кабинетінің қазақ тілі мен әдебиеті әдіскері.

Мақаламда «Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәтіннен ақпаратты айқындай білу қабілеттімен анықталады. Мектеп оқушыларының тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және оқушылардың мектептен тыс кезінде, әртүрлі жағдаяттарды шешуде оқығанын өмірде қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген.

Түйінді сөздер: оқу сауаттылығы, функционалдық сауаттылық, оқылым, зерттеу нысаны, ойымыздың түйінін, шығармаларын оқу.

Қазақстан Республикасының елбасы Н.Ә Назарбаев «Қазақтанның әлеуметтік жаңғыртуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында стратегиялық жаңғырту барлық саланы, сонымен қатар, білімді де түрлендіруді қажет ететін атап көрсетті [1,3 б.]. Осы орайда, өскелең ұрпақтың сапалы білім алуының маңызы зор. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылдық Ұлттық іс-қимыл жоспарын қабылдау бойынша нақты міндеттер Мемлекет басшысының 2012 жылдың 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғыртудың басты бағыты ретінде оқушылардың өзін дамытуы және қоғам өміріне пайдалы үлес қосуы үшін ақпаратты өздігінен алу, талдау, құрлымдау және тиімді пайдалануын көрсетуге болады. Функционалдық сауаттылық, яғни алдамның өмірін және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» – осы үдерістің өзегі болып саналады. [2, 27 б.].

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәтіннен ақпаратты айқындай білу қабілеттімен анықталады. Мектеп оқушыларының тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім алушылардың мектептен тыс уақыттарда, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген.

Сондықтан «Оқу сауаттылығында мәтіннің қомақты бірліктерін қамтыған көркемсөз мәтіндерінен тұратын «тұтас мәтіндер» болып табылады. Тұтас мәтіндер өзара сабақтасқан сөйлемдерден тұрады, олар бөлімдер, тарау, кіріспе және негізгі бөлімнен топтастырылады. Мағыналы азат жолдары сатылы құрастырылған және оқырманға мәтіннің логикалық құрылымын түсінуіне көмектесетін тақырыппен, тақырыпшамен белгіленеді. Тұтас мәтіндерге сипаттама (көркем және техникалық), баяндау (әңгіме, есеп берулер, репортаж), түсіндіру (пікір, қорытынды, талдау) жатады. Енді осы мәтіндердің түрлеріне тоқталатын болсақ:

«Дискретті мәтіндер» немесе «жадағай мәтіндер кесте, графиктер, диаграмма сияқты мәтіннің ақпараттық бірліктерінен тұратындықтан, басқа оқу дағдыларының әрекеттерін талап етеді.

«Аралас мәтіндер» «тұтас» және «дискретті мәтіндердің» ерекшеліктерін біріктіреді. Аралас мәтіннің вербалды және бейвербалды элементтері бір-бірін толықтырып тұратын сөз және сөзсіз көрсетілген элементтер арқылы ерекшеленеді.

Бүгінгі күні көптеген ақпараттық мәтіндер презентациялық форматта (веб-парағы, журналдар және т.б.) әзірленеді. «Құрамдас мәтіндер» мағына ғана емес, формат жағынан да әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі /бірнеше/ мәтіндерден құрастырылады. Сонымен қатар мұндай мәтіндер өзінің мағыналық жағына байланысты және ойды толық аяқтап, мәтіннің диагностикалық мақсатын анықтайды.

Оқу сауаттылықтарын бағалау барысында әлеуметтік, білімдік, адамдардың мәтінмен өзара қарым-қатынастарының әртүрлі жағдайларда (ситуацияларда) кездесетін оқудың дербес тұрғылары есепке алынады:

- жеке, яғни өзіндік мақсаттары үшін оқуға берілген мәтіндерге дербес хаттар, көркем әдебиет, өмірбаяндар, ақпараттық хаттар, электрондық форматтағы хабарлама, күнделікті жаңалықтар блоктар мен ғылыми әйгілі мәтіндер т.б. жатады;
- көпшілік /қоғамдық/ мақсаттар үшін оқуға берілген мәтіндерге ресми құжаттар, қоғамдық мәні бар әртүрлі мәліметтер, газет жаңалықтары, ғаламтордағы форумдар т.б. жатады;
- кәсіби оқу /іскерлік/ оқуға берілген мәтіндерге есеп берулер, хабарландырулар, нұсқаулықтар т.б. жатады;
- оқу, яғни білім алу үшін оқуға берілген мәтіндерге классикалық әдебиеттер және оқуда мақсатында қолданылатын мәтіндер т.б. жатады.

Оқушылардың мәтіннен мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына немесе оның формасына рефлексия және оларға баға беру машықтары мен меңгере білу деңгейлері бағаланады.

Мәтіннен мәлімет таба білуді бағалау үшін, мәтінді қарап шығып, оның негізгі элементтерін анықтау және сұрақтан гөрі қажетті (синонимдік) форманы бейнелеген мәліметті іздестіру үшін тапсырмалар қолданылады.

Мәтінді түсіндіріп беру қабілетін бағалау барысында мәтінде берілген әртүрлі мәліметтерді салыстыру, автордың сипаттаған ойларынан қорытынды жасау немесе мәтіннің мәнін түсіну ұсынылады.

Оқу сауаттылығы – жазбаша мәтіндерді түсіну күрделі және оны қабылдай алу, олардың мазмұнын түсіну мен мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілеттерінің негізгі саласы болып табылады. Оқу сауаттылығына қойылатын бірінші талап, мәтінді толықтай түсіну. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құра алу. Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру негізінде мәтіннің мәнін ұғыну керек:

- қажетті білім ақпаратты дәл табу;
- мәтін бойынша ой түю;
- талдау жасау;
- мәтін мен тақырып арасында байланысты түсіну;
- мәтіндегі негізгі ойды әр тараптан қарастыра алу.

Оқу дағдысын қалыптастыру оқушылардың сауаттылық деңгейін арттырып қана қоймай сонымен қоса сыни ойлау мен белгілі деңгейде нақты мәселені шешу тек бір жақты көзқарас деңгейінен бөлек, жан-жақты қарастыруға өз ықпалын тигізеді. Соның негізінде оқуға машықтандырудың өз ұстанымдары бар. Бұл процесс бір тарапты ғана жүргізілуі өз тәжірибесін бермейді, сол себепті мұғалім тарапынан мәтінді оқыту барысында мұғалімдердің басшылыққа алатын жалпы ұстанымдары бар:

- оқытуда қайталауды қолданып отыру;
- оқушыларды алғашқы оқытуды ана тілінде жүргізу;

- оқытуда оқушының табиғи ерекшеліктерін ескеру;
- оқытуда оқушыларды зорлықпен оқытуға болмайды;
- оқушыға оқу материалы түсінікті болуын қадағалау;
- оқытуды жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге қарай игеру;
- оқытуда оқушының тәжірибесіне индукциялық тәсіліне сүйену.

Әдебиеттік оқу сабағында әңгімелеу кезеңінде, аңыз әңгімелер, шағын шығармалар оқу тапсырмалары беріледі. Осы кезеңдегі мәтін тақырыбы екі сұрақпен шектеледі. Бұл тек мақаланың тақырыбын анықтауға ғана көмектеседі, оның толық мәнін ашуға және толық қабылдай отырып талдауға мүмкіндік берілмейді.

Сондықтан осы берілген ұстанымдарды ескерген жағдайда ғана, оқушылардың оқу дағдылары жетіледі.

Қазақстан Республикасының елбасы Н.Ә.Назарбаев әйелдер қоғамының өкілдерімен кездесуінде... «бізге ойшыл, жауапты, елін сүйетін азаматтар қажет. Мұның барлығы тек тәрбиемен беріледі.... Тәрбие беру ісінде мектеп ата-ана жауапкершілігі жөнінде айтады, ата-ана мектепке сілтейді. Дұрысында, тәрбие үшін барлық жауапкершілік жүгі отбасына да, мектепке де жүктелуі тиіс. Мұғалімнің рөлін білімді тек қана «таратушы» деңгейіне түсіруге болмайды. Бізге мүлде басқа педагогика керек», – деп атап кетті. Елбасымыздың осы бір мағыналы сөзінен кейін мұғалімдер қауымына зор міндет жүктелгендігін, мойнымызға артылар жүктің қаншалықты ауыр екендігін сезінгендей болдым.

Әр мұғалім өз жұмысының нәтижесін күнделікті қойған бағасынан емес, алдында отырған оқушысының өмірге қаншалықты дайындығын байқауы тиіс. Тәжірибе көрсеткендей, қазақ халқымыздың «Дала қоңырауы атанған» Ыбырайдың асыл мұрасын бастауыш сыныптан бастап 11-інші сыныпты бітіргенше оқытынымыз анық. Бірақ, екіншіке орай «Ыбырай кім?», «Ыбырай шығармаларының мәні қандай?» деген сұрақты қойған кезде жасөспірімдерден мардымды жауап ала алмайтынымыз қынжылтты. Сонда «күнделікті әдебиет сабағында оқу жеткілікті ме?» деген сұрақ мені әдіскер – мұғалім ретінде мазалай бастады. Әсіресе, ана тілі, әдебиет сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда Ыбырайдың педагогикалық еңбектерінің рөлі зор екендігін түсіндім.

Бастауыш сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәні сабағында Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын оқыту білім мен тәрбиенің негізгі өзегі болып табылады. Мектеп бағдарламасында Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының оқушыға жеңіл, түсінікті оқушының жас ерекшелігін ескере отырып кейбір әңгіме, өлеңдері берілген. Оның қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, ынтыға оқиды. Сондықтан оның шығармаларын оқу бағдарламасынан тыс қосымша сабақтарда оқытылып, оқушылардың оқу сауаттылығын жетілдіруде тигізер пайдасы көп.

Негізгі бөлім

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Төкаппаршылық» т.б. бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зерек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зеректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Бірсыпыра әңгімелерінде жастарды еңбек сүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» тағы басқа шығармаларынан көруге болады.

Үй салу, егін кәсібімен шұғылдану, т.б. халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеу ниетінде, Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ жастарына көшпелі өмірден отырықшылық тұрмыспен айналысу, жер кәсібімен шұғылдану заман талабы екендігін сездірсе, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әнін», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде, автор сол кезде қазақ жастарына, тұрмыс тіршілікке бейімделуге шақырған нақты мысалын көреміз.

Балаларға арналған шағын әңгімелерін жазуда, ол орыс жазушыларының (Крылов, Толстой т.б.), орыс педагогтерінің (Ушинский. Паульсон) шығармаларын үлгі етті, немесе солардың кейбір қызғылықты әңгімелерін қазақ тіліне аударды, аударғанда оны қазақ балаларының мінез-құлқына қазақтың ұлттық тәрбиесіне сәйкестіре, өзгерте аударды. Ол орыс жазушыларының әңгімелерін сөзбе-сөз аударған жоқ, мағынасына да, сөз құрылысына да өзгерістер енгізіп аударды. Ол өзінің балаларға арнаған әңгімелерінде қазақ балаларының халқының ұлттық мүддесін көздейтін елжанды патриот жастарды тәрбиелеуді көздеді. Оның жазған мысал әңгімелері күні бүгінге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жойған жоқ.

Ұлы ағартушының шығармаларына тән нәрсе – еңбекқорлыққа, Отанын сүюге, білімді болуға, шыншыл әділетті болып өсуге баулитын тәрбие мәселесі.

Сонымен айтпағымыз, Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұраларын мектеп оқушыларына насихаттауымыз керек. Ол үшін бастауыш мектептердегі сыныптан тыс жұмыстарға Ы.Алтынсариннің тәрбиелік маңызы зор әңгімелерін оқытуды жоспарлы түрде енгізу қажет.

Көрнекті жазушы өзінің әңгімелерінде ұлттық сана мен мәдениетін, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, деп білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Практикалық мәні

Әдебиеттік оқу пәнінің оқу бағдарламасы аясында оқушылардың оқу сауаттылығын жетілдіруде

Ы. Алтынсариннің шығармаларын оқыту бойынша әңгімелерінен мысалдар келтіріп, тәжірибеммен бөліскім келеді.

Ыбырай Алтынсарин. «Әке мен бала» (әңгіме)

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып не қылайын? – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым - ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, – деді.[7, 69]


1. **Тапсырма.** Мәтіннен суретке сай сөйлемді табыңыз:



- A. Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.
B. – Сынып қалған ескі тағаны алып не қылайын? – деді.
C. Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса ...

2. **Тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ескі тағаны кімге сатуға болады?



2. Ескі таға – қымбат зат па немесе арзан зат па? Неліктен?

3. Әкесінің орамалынан неше шие түсті?

A. Жеті шақты B. Он шақты C. Он екі шақты

4. Тапсырма. «Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың» деген сөздерге сіздің өміріңізде мысал бар ма?

Мейірімді бала

Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесе-тұғын. Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны беруге тұрғанда, күнәлі төренің жас қыз баласы «әкем үшін жауап беремін» деп, мәлім болды. Қызды патшаға алып келісті.

– Тақсыр патшам, – деді қыз, – менің әкем жазаға лайық болғаны рас, соның үшін қолынан айрылуы керек болды. Мінекей, тақсыр, әкемнің қолы, – деп өзінің қолын көтерді. – Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала-шағаларын асырауға шамасы келмейді. Бұйырыңыз, тақсыр, осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала-шағаларын асырайтын қолын атама қалдыруға.

Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешті дейді.[7, 69].

1. Тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сенің ойынша Қытай елінің заңдары қандай?
А. Әділ В. Қатал С. Мейірімді
2. Адамды алдағаны үшін сен қандай жаза берер едің?

2. Тапсырма. Сұрақтар мен жауаптарын сәйкестендіріңіз.

Сұрақтар	Жауап
1. Әкенің бақыты кімде болады?	Мейірімділік пен рақым
2. Адамға қолы не үшін керек?	Оны қатты жақсы көретін қызында
3. Адамзатты нелер құтқарады?	Жұмыс жасап, бала-шағасын асырауға

Асыл шөп

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха ахылап-ухілеп шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Злиха айтты:

- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығыда менің басымдағыдан кем емес, өзінде менен күшті емессің?

- Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым деді, - Бәтима.

- Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін, – деді Злиха

- Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты: сабыр деген екен.

1. Тапсырма. Сұрақтардың жауабын әңгіменің мазмұнына сай, суреттерден табыңыз. Ауыр затты қалай апаруға болады?



Кімнің жүгі жеңіл болады?



2. Тапсырма. Сенің жәшігіңде сабыр деген «асыл шөп» болса, не істер едің?

Қорытынды

Бастауыш сыныптан бастап жоғары буынға дейін дана атамиздың әрбір тәрбиелі әңгімесін, педагогикалық ұғымдарын кеңірек пайдаланса келешек ұрпақтың саналы, тәрбиелі, сауатты болып жетілетініне шексіз сенемін.

Сөзімізді нақтылай түссек, оқу сауаттылығы – жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту. Ыбырай Алтынсариннің өнегелі әңгімелері жас ұрпақтың функционалды сауатты болып өсуіне пайдасы зор.

Қорыта келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру кең мағынасында білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол ұлттың, елдің мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі екенін сапалық сипаты жағынан ескере отырып, жеке тұлғаны дамытудың тетігі ретінде қолдансақ, әр алған ақпараты мен білімі баланың өмірде кездескен түрлі мәселелерді шешуіне септігін тигізіп, алдағы өміріне қолдана алатындай болса, біздің ауыр жүгіміздің жеңілдегені деп білемін.

Әдебиеттер тізімі

1. **Международное исследование IT-компетенций школьников ICILS Сборник.** – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2016. – 254 стр.
2. **Әдебиеттік оқу 4 сынып, 3. Мүфтибекова, Ә. Д. Рысқұлбекова,** . Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2019 ж.
3. **Қазақ хрестоматиясының дүниеге келуі** <https://stud.kz/>.
4. **Әдістемелік құрал «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері»** – Астана. 2013 – 3 б.
5. **Крупник, С.А. Функциональная грамотность** / С.А. Крупник, В.В. Мацкевич. – М.: Педагогика, 2010. – 27 б.
6. **«Ыбырай Алтынсарин тағлымы» әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер,** – Алматы: «Жазушы», 1991. [Мәтін] / Ш.Ахмет.

УДК 711.7

ТРУДНОСТИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ, С КОТОРЫМИ СТОЛКНУЛИСЬ ПЕДАГОГИ

Утегенова А. К. – обучающийся магистратуры по специальности 7М011-педагогика и психологии, Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынова.

В этой статье рассматривается актуальность дистанционного обучения в Казахстане, а так же на ряду с этим проблемы, с которыми сталкиваются работники образования, а именно педагоги. Реальность этих проблем поставила не только Казахстан, но и весь мир перед дилеммой между прекращением обучения и продолжением очного обучения, несмотря на риск заражения. Поскольку пандемию невозможно предотвратить до ее распространения, обе ситуации неизбежно нанесут человечеству вред.

Ключевые слова: дистанционное обучение, инновационные технологии, образовательные технологии, стресс, тревожность, психологическое здоровье педагога.

Введение

Организованное дистанционное образование – это система образования, история которой насчитывает всего несколько веков. Его историческое развитие показывает, что организованное дистанционное образование может принести пользу только при использовании в смешанной системе, которая поддерживает очное обучение. Однако на сегодняшний день актуальность дистанционного обучения подразумевается в том, что результаты общественного глобального прогресса, сегодня концентрируются в информационной сфере. В настоящее время наступила эра информационных технологии. Этап её развития в данный момент можно охарактеризовать как телекоммуникационный. Эта область общения, информации и знаний. Исходя из того, что профессиональные знания стареют очень быстро, необходимо их непрерывное совершенствование. Дистанционная форма обучения дает сегодня возможность создания систем массового непрерывного самообучения, всеобщего обмена информацией, независимо от наличия временных и пространственных поясов. [1, с.4].

1. Актуальность дистанционного обучения.

Дистанционное образование – это система образования, популярность которой возросла с развитием технологий в XIX и XX веках. Несмотря на развитие радио и телевизионных технологий, дистанционное образование не могло заменить очное обучение. До настоящего времени компьютеризированные образовательные технологии могли выдвинуть на первый план только смешанные системы образования, сочетающие методы очного и дистанционного обучения. Во время пандемии очное обучение долгое время было невозможно. Несмотря на все исторические свидетельства того, что в этот период само по себе оно будет недостаточным, дистанционное образование снова вышло на первый план как альтернатива, которая может полностью заменить очное обучение в соответствии с рыночными целями по сокращению затрат.

В связи с реалиями мы можем наблюдать то, как дистанционное обучение набирает большую популярность в сфере образования и науки. Несомненно, дистанционное обучение помогло сделать большой шаг в развитии информационных технологии, перехода на цифровизацию, повысить цифровую грамотность населения. Есть большое количество весомых и положительных аргументов и фактов в использовании дистанционного обучения. Приведем примеры основных положительных ключевых сторон:

- **Гибкость**, то есть каждый может выбрать для себя удобное время, удобное место, подходящий индивидуальный темп работы и обучения, выбрать нужное направление самостоятельно, и зани-